

# ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2024 жылдың I-тоқсаны

## Бөлшек саудалық депозит нарығының даму барысы


Тұрақты экономикалық көрсеткіштер аясында депозит нарығында маусымдық құлдырау орын алды. Дегенмен оның әсері анау айтқандай ықпалды болған жоқ. 2024 жылдың 1-тоқсанында инфляция деңгейі төмендеді (2023 жылдың қарашасында 9,8% болса, 2024 жылдың наурызында 9,1% болды<sup>1</sup>), теңге бағамы нығайды (на 1,7%<sup>2</sup>), халықтың табысы өсті (атаулы табыстар индексі 112,9%-ды, ал нақты табыстар индексі – 103,3%<sup>3</sup> құрады) және өндіріс көлемінің оң серпіні сақталды (2024 жылдың 1-тоқсанында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,7%-ды құрады<sup>4</sup>). Жыл басында депозит нарығында әдетте аздап құлдырау байқалады. Өйткені экономикалық белсенділік суық кезде уақытша баяулайтыны белгілі. Дегенмен елдегі қолайлы экономикалық жағдайды ескеретін болсақ, 2024 жылы қаңтарда депозит базасының төмендеуі уақытша сипатқа ие болды (516,3 млрд теңгеге немесе 2,5%-ға қысқарды). Одан кейінгі екі айда нарық қалпына келе бастады (өсім 391,5 млрд теңге немесе 2,0%). Соның нәтижесінде 2024 жылдың 1-тоқсанында бөлшек саудалық депозиттер бар болғаны 0,6%-ға ғана қысқарды (124,8 млрд теңге)<sup>5</sup>. Жылдық есепте бөлшек саудалық депозиттердің оң сипатта өсу серпіні 18,3%-ды құрады (1-сурет).

Теңгелік валюта бағамының нығаюы аясында теңгелік депозиттер өсіп, валюталық депозиттер керісінше азайды (2-сурет және 3-сурет). Айталық, 2024 жылдың 1-тоқсанында теңгелік депозиттердің көлемі 0,7%-ға (+110,4 млрд теңге) өссе, шетел валютасындағы депозиттер керісінше 4,3%-ға (-235,1 млрд теңге) қысқарды. Олардың ішінде валюталық қайта бағалау 1,4%-ды, теңгелік депозиттерге және басқа да инвестиция түрлеріне айырбастау – 2,9%-ды құрады. Валюталық депозиттер негізінен қаңтар-ақпанда қысқарды, ал наурызда салымдардың жаппай алынуы керісінше азайды (теңгелік баламада -0,3%-ға қысқарса, валюталық баламада өсім 0,4%-ды құрады).

## Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орта сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.

**1-сурет. Халықтық депозиттердің маусымдық құлдырауы**



**2-сурет. Теңгелік депозиттердің өсуі баяулады**



**3-сурет. Валюталық портфель қысқаруда**



<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, өңірдердегі инфляциялық құбылыстар, <https://www.nationalbank.kz/ru/news/infyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/2195>

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, валюталардың күн сайынғы ресми (нарықтық) бағамы, <https://nationalbank.kz/ru/exchangerates/ezhednevnye-oficialnye-rynochnye-kursy-valyut>

<sup>3</sup> 2024 жылдың қаңтар-наурыз үшін, өткен жылдың сәйкес кезеңіне. Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/publications/117703/>

<sup>4</sup> 2024 жылдың қаңтар-наурыз үшін, өткен жылдың сәйкес кезеңіне. Индикатор ЖІӨ-ның 60%-дан астамын құрайтын, базалық салалар бойынша шығарылым индексінің өзгеруіне негізделген. Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/publications/172933/>

<sup>5</sup> салыстыру үшін 2023 жылдың 1-тоқсанында депозиттік базаның өсімі 1,4%-ды құрады, 2022 жылдың 1-тоқсанында депозиттік база 2,3%-ға қысқарды; 2020-2021 жылдары пандемия және геосаяси уақиғаларға байланысты депозиттер көптеп ашылды; 2019 жылдың 1-тоқсанында депозиттік база 2,5%-ға қысқарса, 2018 жылдың 1-тоқсанында 1,7%-ға қысқарды.

- *Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.*

**Бұқаралық сегмент әлі де бөлшек саудалық депозит нарығының негізі болып табылады. Алайда оның үлесі көбінесе орта сектордың пайдасына қарай төмендеп жатыр (4-сурет).** Сонымен 2024 жылдың 1-тоқсанында бұқаралық сектордың үлесі 0,2 пайыздық тармаққа (п.т.), ал 1 жыл ішінде 1,5 п.т.-қа қысқарды. Ал орта сегменттің үлесі есепті тоқсанда керісінше 0,5 п.т.-қа, ал жылдық есепте 2,0 п.т.-қа өсті. Депозиттеріндегі ақшаларының көлемі 10 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін жететін салымшылардың бір бөлігі әл-ауқаттарының өсуіне қарай бұқаралық сегменттен орта сегментке өтіп жатыр. Ал 3 млн теңгеге дейін ақшалары бар, табысы төмен салымшылардың ақша жинау қабілеті төмендеуде (2024 жылдың 1-тоқсанында салымшылардың дәл осы санатында депозиттік базаның төмендегені байқалды).

**Орта және ірі сегменттің теңгелік депозиттерінің көлемі біртіндеп арта түсуде (5-сурет).** Жалпы депозиттік портфельдің қысқаруы аясында 2024 жылдың 1-тоқсанында орта (3,3%) және ірі сегменттің (3,7%) тек теңгелік депозиттерінде ғана өсім байқалды. Ал бұқаралық сегментте керісінше 1,0%-ға азаю байқалды. Портфельдің валюталық бөлігінде барлық сегменттердің көлемі қысқарды. Ірі сегменттегі жинақ ақшаның негізгі бөлігі валюталық депозиттерде сақталғанымен, теңгелік депозиттердің үлесі бір жыл ішінде 16,3%-дан 20,8%-ға өсті.

**Орта және ірі сегменттердің депозиттері валюта бағамына тікелей тәуелді (6-сурет).** Теңге бағамындағы шамалы өзгерістің өзі ірі және орта салымшылардың көңіл-күйіне, олардың іс-әрекетіне әсер етеді – олар табыстарын көбейту жолында өздерінің жинақ ақшаларын бір валютадан екінші валютаға белсенді түрде ауыстырады. Мұндай стратегия бағамдық айырмашылық есебінен табыс алуға бағытталған. Бірақ валюта бағамының өзгерісін болжау қиын болғандықтан, бұл тәуекелі жоғары әдіс. Көп жағдайда валюта бағамы тұрақталады және теңгелік депозиттер бойынша табыстылық валюта бағамының құбылмалылығын толығымен өтейді. Жинақ ақшаларының көлемі аз салымшылар көбінесе кепілдік берілген, тиянақты табыс алуды көздейді. Соның себебінен массалық сегменттің депозиттерін иелері ана валютадан мына валютаға ауыстырып жатпайды. Сәйкесінше теңгелік депозиттік портфельдің тұрақтылығы сақталады.

**Депозиттерді мерзімділік өлшемарты бойынша орналастыру құрылымы**

**Бөлшексаудалық депозит нарығының біртіндеп қысқаруы аясында жинақ салымдардың көлемі артып жатыр.** Салымдардың бұл түріне байланысты үстінен ақша салу және мерзімінен бұрын алу жағынан ең жоғары табыс алуға мүмкіндік береді. Жинақ салымдар бойынша кепілдік мөлшері теңгедегі өзге салымдар түріне қарағанда екі есе, ал шетел валютасындағы салымдармен салыстырғанда төрт есе жоғары. Мұндай артықшылық – жинақ салымдардың тартымдылығын арттыра түседі – 2024 жылдың 1-


**4-сурет. Бұқаралық сегменттің үлесі орта сегменттің пайдасына қарай төмендеуде**



**5-сурет. Орта және ірі сегменттер теңгелік депозиттердің пайдасына ойысуда**



**6-сурет. Орта және ірі сегменттердің жай-күйіне валюталық бағам қатты ықпал етеді**



тоқсанында бөлшек саудалық депозиттердің жиынтық көлемі 124,8 млрд теңгеге азайған шақта, жинақ салымдардың көлемі 160,1 млрд теңгеге (+10,2%) артты, ал бір жыл ішіндегі өсім 51,9%-ды (1,5 есеге дейін жоғарылады) құрады. Жинақ салыммен салыстырар болсақ, бір жыл ішінде мерзімсіз салымдар бойынша өсім 21,7%-ды, сыйақысы мемлекет тарапынан субсидияланатын депозиттер бойынша - 3,3% болды. Нарықтың осы сегметінде сұраныс пен ұсыныстың жоғары болуының арқасында тұрақты қорландыру<sup>6</sup> үлесі 8,5%-дан 10,4%-ға дейін жоғарылады (7-сурет).

## Салымдардың долларлануы

Долларлану деңгейінің төмендеуі нарықтың барлық сегментінде жалғасуда (8-сурет және 9-сурет). 2024 жылдың 1 сәуіріне қарай долларлану деңгейі 25,8%-ды құрап (айырбас бағамына түзететін болсақ – 26,4%), есепті тоқсанда 1,0 п.т.-қа төмендеді. Валюталық депозиттердің үлесі барлық сегменттерде азаюда. Бұл әсіресе ірі сегменттерде байқалуда: айталық, 2024 жылдың 1 тоқсанында шетел валютасындағы депозиттердің жиынтық көлемі 235,1 млрд теңгеге төмендеді, солардың ішінде 197,4 млрд теңгеге (83,9%) төмендеу ірі сегментте орын алды. Бірақ соған қарамастан ірі сегменттің долларлану деңгейі (51,2%) әлі де шекті көрсеткіштен жоғары.


## Сыйақы мөлшерлемесі

Банктер 2024 жылдан бастап депозит нарығында жаңа жағдайда жұмыс істей бастады – 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап сыйақы мөлшерлемесін реттеудің жаңа механизмі іске қосылды. Енді шекті сыйақы мөлшерлемелері өктем депозиттік саясат жүргізуге анағұрлым бейім банктердің санатына белгіленеді. Қалған банктер жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін нарыққа қарап, өздері белгілейтін болады. Яғни банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді өз беттерімен қояды. Бірақ банктің мөлшерлемесі мен орташа өлшемді нарықтық мөлшерлеме арасындағы спредтке қарай жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді немесе керісінше дисконт алады.


ҚР Ұлттық Банкінің базасы мөлшерлемесі төмендеген соң, мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер де төмендеді. 2024 жылдың бірінші тоқсанында жылдық инфляцияның төмендеуіне байланысты ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені екі рет азайтты (қаңтарда 15,25%-ға және ақпанда 14,75%-ға дейін). Нәтижесінде нарық базалық мөлшерлеменің соңынан ерді: есепті тоқсанда мерзімсіз салымдар бойынша орташа өлшемді нарықтық мөлшереме 14,9%-дан 14,2%-ға дейін қысқарды (10-сурет).

Тұрақты салымдар<sup>7</sup> бойынша мөлшерлемелер де төмендеді, бірақ олар халық үшін әлі де өте тартымды

## 7-сурет. Депозит нарығының қысқаруына қарамастан, жинақ салымдар өсуде



## 8-сурет. Депозиттердің долларлануы төмендеуде



\* долларланудың «психологиялық деңгейі» туралы сараптамалық пікірді білдіреді. Одан асып түсу банктік қор жинау жүйесі үшін белгілі бір тәуекелге әкеп соғады


<sup>6</sup>тұрақты қорланым тұрғын үй құрылыс жинақтары және мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі аясында ашылған депозиттерді қоспағанда, мерзімді және жинақ депозиттерді қамтиды

<sup>7</sup> жаңа механизм аясында шекті мөлшерлемелер мен жүйелік тәуекел үшін төленетін жарнаны есептеу мақсатында мерзімді және жинақ салымдар мерзімді салымдарға біріктіріледі, бұл ретте олар орналастыру мерзімі мен толықтыру құқығы бойынша бөлінеді


**салымдар (11-сурет).** Енгізілген жаңа механизмге байланысты банктердің көпшілігі енді өздерінің мөлшерлемелерін Қордың шекті мөлшерлемелерінен де жоғары қоя алады. Бірақ қазір халық салымдарының бағасы біртіндеп төмендеп жатқандықтан, нарық та осы құбылысқа бет алды. Бұған Ұлттық Банктің ақша-несие саясатының қысымының әлсіреуі де әсер етті. Тұрақты салымдардың құрамында мерзімді салымдардың үлесі аз болғандықтан (6%-дан аз), нарықтық мөлшерлеменің деңгейіне негізінен жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер ықпал етті. Соңғы күнін қоса алғанда, мерзімі 12 айлық салымдар бойынша орташа нарықтық мөлшерлеме бірінші тоқсанның соңына қарай 12,1%-ды құрады. Ал сол уақытта жылдық инфляция наурызда 9,1%-ға дейін төмендеді. Бұл әрине, салымшыларға банк салымдары бойынша нақты табыс әкеледі.

**Қазіргі уақытта ұзақ мерзімді тұрақты салымдар нарығын дамытуға қандай да бір ынталандырушы факторлар болмай тұр. Өйткені нарықта мөлшерлемелер әрі қарай түседі деген болжам бар.** Банктер салымшыларға ұзақ мерзімге тартымды мөлшерлемелер ұсынуға дайын емес. Өйткені алдағы уақытта ақшалай қор жинау (қорландыру) құны арзандауы мүмкін деп болжайды. Бұған негіз де жоқ емес. Қазақстанда ғана емес, шет мемлекеттерде де орталық банктер базалық мөлшерлемелерін біртіндеп төмендетіп жатыр. Өз кезегінде ақшаларын ұзақ мерзімге салу және оларды мезімінен бұрын алу мүмкіндігінің жоқтығы, оның үстіне нақты табыстылығы да төмен болса (мерзімі 12 айдан жоғары салымдар бойынша орташа нарықтық мөлшерлеме 2024 жылдың наурызында 8,5%-ды құрады), салымшылар үшін қызығушылық тудырмайды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелердің едәуір төмендегені байқалады. Сонымен қатар мұндай салымдарды көбейтуге деген белсенділіктің жоқтығы және мөлшерлемені санаулы ғана банктердің, негізінен ескі депозиттердің мерзімін ұзарту есебінен қалыптастыруы себебінен мөлшерлемелер құбылмалы болып тұр.


**9-сурет. Ірі сегметте долларлану деңгейі әлі де сындарлы деңгейден жоғары**



**10-сурет. Базалық және шекті мөлшерлемелер төмендегендіктен, мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме де төмендеді**



**11-сурет. Жаңа реттеу механизмі аясында банктер мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелерді төмендетті**



\* Нарықтық мөлшерлеме есебіне банктердің сыйақы мөлшерлемесі 0,1%-ға тең немесе төмен салымдары қосылмайды. Осыны ескере отырып, мерзімі 1 айға дейін болатын, толықтыру құқығы бар, тұрақты салымдар бойынша нарықтық мөлшерлеме жоқ, өйткені бұл санатта мөлшерлемесі 0,1%-дан төмен овернайт қарыздары басым.

б) толықтыру құқығы жоқ мерзімді және жинақ салымдар бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелер

